Жаркент Айнасы

№8 (52),
30 сәуір,
жұма, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ҚЫТАЙДЫ ШУЛАТҚАН «МАМЫРХАН КӨТЕРІЛІСІ»

Осы жұрт Мамырханды біле ме екен...



Қыс. Орай да, борай қар жауып арқыраған ақпанның кезі. Жоғарғы Еңбекші ауылынан өресі биік, танымы терең Нұрпейісов Айдар мен Нұрғазыұлы Бауыржан атты екі азамат іздеп келіпті. Негізгі мақсат – Бауыржанның әкесі Мамырхан ағамыздың төте жазумен жазылған шағын күнделігінің кириллицаға аударған көшірмесінің жарыққа шығуына көмек берсеңіз деген ниет екен. Күнделіктің түпнұсқасы алақандай ғана қойын дәптерге төте жазумен әдемі жазылыпты. Көк қалың дәптердегі кириллицалық нұсқасының бас жағын сыдыртып көз жүгірттім де, бір екі өлеңін оқып шықтым. Түрмедегі азапты күндері, туған жерге, ағайынға деген сағыныш туралы жазылыпты. Ал енді ондай болса, әңгімемізді беташарын кейіпкеріміздің күнделігінен кішкене үзінді келтіруден басталық.

«1955 жыл қазан айы»

Әлеуметтік тарихқа және көзіңіз көрген жағдайға қарап көрсеңіз адам баласы дүниеге келеді және кетеді. Жоқтан бар болады. Бардан жоқ болады.... Өседі, мекендейді, табиғаттың түрлі саласында жаңарып және көнеріп, жойылып тұрады.

(Жалғасы 3-бетте)

Тәуелсіздік – болашаққа аманат

Үлкеншыған ауылдық әкімшілік ұжымы, мәдениет қызметкерлері «Тәуелсіздік – болашаққа аманат» атты дөңгелек үстел басында бас қосты. Кітапханашы Гүлдана Нұрғалиқызы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласына жалпы шолу жасап, әр онжылдықтарға тоқталып, жекелеп таныстырса, мәдениет үйінің директоры Лаззат Куатқанқызы тәуелсіздік жылдарының жетістіктеріне тоқталып өтті.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы карасаңында бұл мақаланың жарық көруі, ұрпақтарымыздың ертеңінің жарқын екенін білдіріп, жастардың болашаққа деген құлшынысын арттырды. Президент өз сөзінде «Мен жастардың білімдерін жетілдіріп, шетелде оқыса да елге оралады және Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін» деп өз сенімін білдірді. Жастар қашанда тың идеялардың қайнар көзі, өзгерістердің қозғаушы күші. Біздің мақсатымыз келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде әлемге таныту, өз елінің тілін, дінін, мәдениетін ұрпақтарымызға аманаттау. Бұл мақала қазіргі жастардың санасын сілкіндіруге, жаңғыртуға септігін тигізері анық. Президенттің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы көптің көкейдегі ойын қозғап, сұрақтарына жауап болары анық.

Г. ҚАШҚЫНБАЕВА,
Үлкеншыған ауылы.

Осыдан тоғыз жыл бұрын ғасырлық тойын ел-жұрты дүркіретіп атап өткен, екі мәрте Еңбек Ері Николай Никитаұлы Головацкий туралы жергілікті халық арасында айтылатын аңыз көп. Дегенмен сол аңыздардың арасындағы біреуі – «Жаркент жеріне келген жас кезінде Николайға Қызыр қария жолығып, бата берген екен» дегені кімді болса да ойға қалдырып, нанымын нықтап, іштей құптатады.

ҰЛАҒАТЫ ҰЛЫҚ ҰСТАЗ

Шалғайдағы Украинадағы Житомир қаласында дүниеге келген поляк баласының қазақ жеріне қалай келгені, мұнда Жаркент өңірінде ауыл шаруашылық өндірісіне қайтіп тап болғанын әңгіме орайымен айта жатармыз. Оның өзін-өзі ел-жұртқа жарқырай таныткан тұсы Жаркент қаласының іргесіндегі Еңбекші ауылына ұжымдық шаруашылықты басқаруға ауысуынан басталады. Қазір әкімшілік басқару жүйесі Жаркент қаласының аумағына енгізілген Еңбекші ауылының тұрғындары өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында мақта өсіріп, өздерінің ұжымдық шаруашылығын «Труд пахталық» деп атаған екен. Сол кезеңде аудан орталығының іргесіндегі бұл елді мекенде негізінен ұйғыр халқының өкілдері тұрса керек. Сондықтан шаруашылық атын жартылай орысша, жартылай ұйғыр тілінде атапты.

Қай кезде де кез келген ауыл шаруашылық өндірісін бір салалы тіршілікпен өркен жайдыру мүмкін емес. Мақташылардың жайы да аса мәз болмай тұрған 1950 жылы бұл шаруашылықты басқаруға аупартком бұрынғы шекарашы, соғыс жылдарында ел шебіндегі «Қызыл шығыс» ұжымдық шаруашылығын басқарған Николай Головацкийді жібереді.

Бозбала шағынан Басқұншы заставасында әскери өмірде шыныққан, одан соң әскери қосалқы шаруашылықта, Басқұншы ауылында құрылған мойынсерікте, аудандық жастарға әскери патриоттық тәрбие беру мекемесінде шыңдалған ол жаңа қызметіне де білек сыбана кіріскен екен. Алайда көктемде егін егуге ұжымшар қоймасында бір түйір дән болмай шығады. Сонда ол қарызға тұқым сұрап көрші шаруашылық басшысына барады. «Дихан-Қайрат» деп аталатын аудандағы жағдайы басқалардан жақсы бұл шаруашылықты азамат соғысының ардагері Әзімбаев деген адам басқаратын. Ол алдына келген әлі қырықтың қырқасына ілінбеген жігітке «Сенің шаруашылығыңның жеріне астық шыққан емес, шықпайды да. Сен шамасы сорға да егін өсіруге болады деп ойлайтын шығарсың, босқа әуре болма», – дейді. Өз мақсатына сенімді Николай Никитич оның қыр соңынан қалмай жүріп, қолында бар бірер түйеге 3-4 тонна тұқымдық бидай айырбастап алыпты.

(Жалғасы 6-7 бетте)

ЖІБЕК ЖОЛЫ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЖЕТІСТІГІ

Елбасы Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті кереметі» мақаласында «Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзитік дәліздердің пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап, бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Оңтүстігі мен Солтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды. Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы Дала халқы ежелгі және Орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және Славян өркениеттерін байланыстырды. Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы негізінен Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Азияда Түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді», – деп атап өткені белгілі. Кішігірім тарихына тоқалсақ, осынау тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. Ал оған «ұлы» сөзінің қосылуы жоғарыда Елбасы мақаласында атап өткен тарихи жағдаяттар дәлел. Сондықтан да «Ұлы Жібек жолы» болып ұлы тарихқа енді.



Қытайдың Шианынан басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын жалпы ұзындығы 12 мың шақырымды алған керуен жолының бір бөлігі Қазақстанның ірі қалалары болған Испиджаб (Сайрам), Отырар, Тараз, Баласағұн тәрізді шаһарларымен өткені баршамызға мәлім. Қазақстанда Испиджап қаласына келіп және екі тармаққа бөлінген. Біреуі Орта Азияға қарай, екіншісі Түркістан арқылы Сырдарияның төменгі ағысымен Батыс Қазақстанға шығып, Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағын айналып, Еуропаға қарай жалғасқан.

«Ұлы Жібек жолы» тек сауда айналымы мен тауар айналымының өзегі ғана болған жоқ. Ірі мәдениеттер мен өнер, ынтымақтастыққа жол бастады. Керуен жолындағы елдермен қолданбалы, сурет – сәулет өнерлері, музыка, қолданбалы өнер, тіпті әдбиет те бірге дамыды. Себебі жібек жолымен саудагерлер, ақын – жазушылар, ғалымдар, әншілер де сапарлап, өткен жерінде әдебиет-мәдениет, діни ілімдері тағы басқа да туралы айтылып отырған. Бұған Қазақстандағы Ортағасырлық қалалардың орнынан табылған археологиялық жәдігерлер дәлел бола алады.

Ұлы Жібек жолының әсері шаруашылықтың дамуына өте жақсы әсер етті. Бірнеше мәдениеттің араласуынан ауылшаруашылығына да тың жаңалықтар әкелді. Атап өтсек, алғаш рет Қытай елінен Батыстағы елдерге қарай жібек артқан керуендер жолға шыққан. Ал Қытайға немесе Шығыс елдеріне қарай Жерорта теңізі жағасындағы елдерден, Таяу және Орта Шығыстан, Орталық Азиядағы елдерден әртүрлі тауарлар ағылған. Халықаралық сауда жолы арқылы Орталық Азияның атақты асыл тұқымды жылқылары, Шығыс елдерінен пілдер мен мүйізтұмсық, барыс пен арыстандар, аң аулауға және саятшылық құруға қажетті құстар (қаршыға, бүркіт) сияқты сирек кездесетін жан-жануарлардың сатыла бастағаны туралы деректер тарих беттерінде көрсетіледі.

Әсіресе, бұл жолдың бойымен қолда өсірілетін мәдени өсімдіктердің ішінде жүзім түрлері, шабдалы, қауын, Шығыстың, Орталық Азияның жемістері сатылған. Көкеністердің сирек кездесетін түрлері тұқымының сатылуы олардың Азия елдерінде де егіліп, шаруашылықтың жандануына өз үлесін қосып отырған. Оған дәлел, қазіргі кезде базарларда сатылып жүрген қытай және болгар бұрыштары сол ерте кезден-ақ осы Жібек жолының арқасында көп елге таралған екен.

Жібекті халықаралық саудаға шығарғанымен, оны өндіру тәсілін Қытай өкіметі өте құпия ұстаған. Алайда, оған қарамастан, ол құпияны Қытайдан жасырын түрде алып шыққандар да болған екен. Тарихи деректерге мән берсек, жібек құртын адам қуыс құрайдың ішіне салып, кейбір әйелдер шашының арасына тығып алып шықса керек. Сөйтіп жібек өндіріру б.з. алғашқы кезінде Византия, Соғды, Жапонияның Нарга қаласында, Кавказ жерлерінде де жандана бастайды. Тіптен Соғдыда жібек өндірудің дамығаны сонша, жібек сатуда Қытай мемлекетімен бәсекеге түскен. Сөйтіп, Ұлы Жібек жолының бойындағы сауданың дамуы арқасында бүкіл дүние жүзінде жібек шаруашылығы және басқа да шаруашылық түрлері қарқынмен дамыған.

Ұлы Жібек жолы мәдениеттің өркендеуіне қатты ықпал етті. Сауда кезінде жол бойындағы елдердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауының барысында олар тек тұтыну бұйымдары арқылы ғана емес, өзара мәдени жағынан да байланысқа түседі. Сатылатын бұйымдар өзінің өте тамаша, сәнді жасалуы арқылы үлкен сұранысқа ие болды. Хас шеберлер қалыптасты. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде атақты Византия қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан күміс құмыралар Тараз қаласынан табылған. Мұндай туындылар кейін Талғар, Испиджаб, Отырар қалаларынан да табылған. Археологиялық зерттеулер Ұлы Жібек жолы бойындағы кейбір Тараз, Баласағұн, Испиджаб сияқты қалалардан діни-нанымдарға байланысты мешіт-медреселердің де орындарын тапқан. Ұлы Жібек жолы мемлекеттер арасында сауданың дамуына ғана зор үлесін қосқан жоқ, ол Шығыс пен Батыс елдерінің арасындағы халықаралық дипломатиялық қарым-қатынасты дамытты. Жібек жолының халықаралық қарым-қатынас жағынан жандана бастаған кезі б.з.б II ғасыр ортасында басталған. Қытай императоры У-Ди 138 жылы Батыс елдеріне қарай аттандырған елшілік 13 жылдан кейін оралған. Оған қатысқандар Қытайдан Орталық Азияға тікелей жүріп өткен. Дәл осы жолмен Батысқа қарай барлық керуендер жүріп өтетін болған. Бұл бағыт арқылы бірінші кезекте алтынмен қатар әлемдік валюта түріне айналған жібек матасы тасымалданды. Алғашқы кезде қытай жібегі елдердің елшіліктері арасында және патшалар үшін аса бағалы тауар болып, ақша немесе құнды сыйлық орнына жүрген. Бұл қымбат маталар патшалар мен елшілерге сыйлыққа ұсынылып, жалданбалы әскерге жалақы төленіп, мемлекеттік қарыздар осы жібек матасымен қайтарылған. Рим мен Византиядан, Үндістан, Иран мен Араб халифатының, кейінгі жылдарда Еуропа мен Русьтен осы елдерде өндірілген тауарлар тасымалдана бастаған.

Орталық Азия, Оңүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өткен Жібек жолы 14 ғасырға дейін пайдаланылды. Оның жойылуына тайпалар арасындағы соғыстар мен қытайлықтардың теңіз жолын игеруі себеп болды. Бүгінде Ұлы Жібек жолының тарихи орны мен маңыздылығы ҚР тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық дәлізінің құрылысымен жалғасты. Бүгінде, Батыс Еуропа мен Батыс Қытайды жалғайтын халықаралық транзиттік автожол тек Қазақстанның ғана емес, әлемдік экономиканың ірі көзі саналады. Автобан – өткен ғасырларда (II ғ. бастап) Еуропа мен Азияның, Батыс пен Шығыстың арасында мәдени – экономикалық байланыстың күретамыры болған Ұлы Жібек жолының заманауи баламасы. Тоғыз жолдың торабында жатқан Қазақстанның географиялық орналасуын ескерсек, жаңа ғасырда оны қайта жаңғырту Ұлы Дала үшін ұлы жетістік болмақ.

Жұлдыз АСҚАРБЕКҚЫЗЫ,
ғылыми қызметкер.
Жаркент қаласы.

Ел ертеңі – жастар қолында

«Алматы облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№6 орта мектеп интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 мамыр Бірлік күніне орай балалар мен жасөспірімдерге тәлім-тәрбие беруге баса көңіл бөлетін ұйымға «Жас ұлан» атауы беріліп, ұйымның негізгі мақсаты ретінде – ұлттық құндылықтарға сай, рухани-адамгершілік қасиеттері мол, білімі мен білігі мықты тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм бағытында тәрбиелеу мәселелері анықталды. Бүгінде аталған ұйым уақыт өткен сайын ширай түсіп, дамып келе жатқанына көз жеткізе түсудеміз. «Жас қыран» деп аталатын төменгі буынға 2-4 сынып оқушылары қабылданса, ал жоғарғы сапына 5-7 сыныптағы оқушылар алынуда.

«Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына қабылдау рәсімі «ZOOM» платформасы және ватсап желісі арқылы өткізілді. Салтанатты жиында әнұран орындалып, **мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Турсунова Жадыра Кенесбековна** болашақ жастарымызды мерекелерімен құттықтады. Ұйымға мектептегі жақсы оқитын озат, алғыр тапқыр, облыстық, аудандық байқау жеңімпаздар қабылданды.

«Жас ұлан» ұйымының басты бағытына тереңірек тоқталатын болсақ, ол жеткіншектерді парасаттылыққа үйретумен, ұлт рухын көтеріп, жігерлі болуға баулу мәселесімен ұштасып жатқанын айта кету орынды. Ерінбей еңбек еткеннің ісі зая кетпейтінін түсіндіру. Ең бастысы, өз елін, жерін сүюге шақыру. Қоғамдық бірлестіктің ең басты міндеті де осы. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау рәсімінде мақсаты мен міндеттері түсіндірілді. Білім алушыларға төсбелгілері мен галстуктарын ата-аналары құрметпен тағып, ант беріп қуанышты көңіл күйде өткізілді.

«Біз, Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйының қатарына кіре отырып, Отанымыз – Қазақстан Республикасының патриоты, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге, Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды мақтаныш етуге, ата-анамызды қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, білімге табандылықпен ұмтылуға, салауатты өмір салтын ұстануға,табиғатты аялауға, «Жас ұлан» ережесін бұлжытпай сақтауға және оны өз достарымыздан талап етуге, біздің жерлестеріміздің даңқты ерлігі, өнегесі негізінде ерлікке үйренуге және Отанға шексіз қызмет етуге Ант етеміз!» Міне, бұл барыстай бұлқынған, арыстандай айбатты жастардың, тұлымшағы желкілдеген жеткіншектерінің, сенімді ұл-қыздарының Отан алдындағы бірден-бір парызы. Ант еткені – «Жас ұлан» ұйымының балаларды қажетті бағыт-бағдармен жетелейтінінің айқын айғағы іспетті. Жас қырандарымыз, жас ұландарымыздың қанаты қайырылмасын, талмасын. «Жас ұлан, қалыспа! Қырандай қарышта!» деп ізгі ниет білдіреміз.

Гульнара ТУЛЕМИСОВА,
Педагог-ұйымдастырушы.

(Басы 1-бетте)

ҚЫТАЙДЫ ШУЛАТҚАН «МАМЫРХАН КӨТЕРІЛІСІ»

Осы жұрт Мамырханды біле ме екен...

Дүниенің осы құбылысына қарағанда адамдар бір қам өмір өткізбейді, әрқалай өмір өткізгендігі көрінеді. Абайлап қарасаңыз біреулер бар қауіпсіз, қамсыз тұрмыс кешіріп қана кетеді. Біреулер армандап, адымдап ел алдында елеулі рөл атқарып еңселі жоғары дара жан болып жақсы деген атақпен халықтың бейбітшілігі үшін ми сарып қылып өмір өткізеді.

Біреулер туылып - өліп, өмір бойы жамандықпен ел қарғысынан тон киіп, сол бойынша мызғымай шиміріқпестен ол да кетеді. Және біреулер жақсыны да өткізіп, жаманды да өткізіп, елеуін өз қолымен істеп, ел алдында жақсы да, жаман да аталып, бұған ойланып көріп, өзі көрген жамандық және жақсылықтан сабақ алып, миға жеңдіріп, оңшалып, жақсылық жағына бет бұрып, жамандыққа тәуба қылып, жақсылық мақсатын жүзеге асырып, баюға ниет байлап, адал жүріп ол да өмір өткізеді. Енді біреуі: жақсылық-жамандықтан хабары жоқ, әйтеуір жүріп ол да кетеді. Тағы біреулері екібеткей болып жақсылыққа да, жамандыққа да жүгіреді. Екеуіне де тұрлаусыз болып, әркімге жағымпазданып қолынан келсе ептеп жүріп ол да кетеді. Және бірі бар: «Алланың момыны, пенденің жуасы, біреуге қылар жақсылығы да жамандығы да жоқ, өз таразысына қарап тиісті кәсібімен шұғылданып момындықпен ол да кетеді». Және біреулері күші жеткен адамдарды езіп, жаншыштап, әлсіз адамның үстінен күш көрсетіп, біреуді қажаумен күн өткізеді. Біреуді жәбірге салып өзі жақсы тұрмыс кешіріп ол да кетеді. Тағы бірі: көп санды адамдар өзінің күшіне сеніп өмір кешірсе, біреулер кісінің кемтары, мүгедегі болып өз тұрмысын өзі қамдап кете алмаған адамдарға жалтаңдап жүріп ол да кетеді.

Міне, дүниеде осындай құбылыстар болады. Енді мен ше? Мен де құдды жоғарыдағы адамдар сияқты дүниеге келіп-кету үшін жаралған бір адам боламын. Осы жоғарыдағы құбылыстардың менің басымнан өткендері де бар, мүмкін өтпегендері де бар. Қайсылары менің басымнан өтті, қайсылары өтпеді? Төменде бастан өткен өмір сабағынан көресіздер, бағаны өздеріңіз берерсіздер...».

Иә, сол өткен ХХ ғасырдың 50-ші жылдары Шығыс Түркістандағы «Мамырхан көтерілісінің» басшысы. Есімі Қытайлық және Советтік коммунистердің отарлық саясаты кесірінен тарихта айтылмай халық жадынан өше бастаған тұлға. Еш ойланбастан шаңырағын көргім келді. Дастарханнан дәм таттым. Ойланып тұрмын,

«Неден, қалай?» бастасам.

– Көзін көрген бір адаммен жолықтырсаңдар, – дедім.

«Әулиеағаш ауылында Мәрияхан апам бар» деп жауап қатты Бәкең.

– Кеттік сонда, – дедім мен қысқа қайырып.

Борап тұрған қарға қарамастан жол бойында «Әтікей батыр» қорғанына бұрылдық. Біздің өңірде аты аңызға айналған батыр атамыздың есімімен аталатын қорымдағы әруақтарға арнап құран бағыштадым. Көңілім орнына түскендей, жақсылыққа жорыдым.

Балалық шағы өзіміздің Китің, Қарашоқы, одан әрі Бежайлауда өткен Мамырхан ағамыз 12 жасынан бастап жалшылықта жүріп өмірдің небір қиындығы мен қасіретін көрген. Коммунистердің зұлымдығына шыдамай кедей жанұя болса да 15 жасында әке – шешесі, біршама туыстарымен шекара асады. Қытайда да малайлықта жүргенде Шығыс Түркістан үкіметі құрылып, бірден әскер қатарына кіреді. Ол туралы өз естелігінде былай деп жазыпты: *«...Осы жаз өтіп (1944 ж.) күзде 11-ші айда Құлжа аймағында ашылған «ұлт - азаттық» төңкерісі Нылқы ауданында ашылып, біз әлгі қойдан қалған 20 мың қойды сол «Гоминдаңмен» соғысып жатқан «Түркістан» деген үкіметке өткізіп беріп, сол қатарда мен де әскер болдым да кеттім. Бұл уақыттағы Гоминдаңға қарсы соғысқа тұңғыш ретте біздің Қожекеден мен, Солтанбайұлы Жәмәлі, Мейірманның ағасы Қашаған деген кісі сияқты бірнеше адамдар көпшілікпен бірлікте соғысқа қатынасып, бір қадамда партизан формасында істеп 45-ші жылы 8-інші сәуірде сол уақыттағы акиматқа лайықталып құрылған «ұлттық армия» деген ресми ат берілген бір армия болып құрылып, сол армияда істеп жүрдім».*

Міне, осы әскери өмірін қатардағы жауынгерден бастап, гарнизон командиріне дейін көтерілген. Кейін, Мао Цзе Дун бастаған Қытай коммунистік партиясының «Шығыс Түркістан» өкіметін жойған зымиян саясатына қарсы шығып, атақты Оспан батырмен ниеттес болып, өз гарнизонын көтеріп қарулы қарсылыққа шыққан. Амал не, көтеріліс жеңіліс табады. Одан өзі қаруын тастап барып қытайларға тұтқынға берілген. Түрме азабын тартып, алғаш өлім жазасына кесіліп, кейін Құмылға жер аударылып, 10 жылға сотталады. Содан, 1958 жылы түрме қасіретінен босап шығып, Қазақстанға қайтып оралады. Үйленіп, балалы – шағалы болып өмірінің соңғы күндеріне дейін өзіміздің Еңбекші ауылында тұрған.

Бәрінен де Мамырхан Нұрғазыұлының мына жалғаннан қаншама қиындық пен адам төзбес қасіретті басынан өткерсе де, соның бәрін мойымай кеудені тік көтеріп, жеңіп шығуы. Өмірге құштарлығы мен болашаққа, жақсылыққа деген сенімі. Қайыспас қара нардай болған ерік-жігері мен болаттай берік асқақ рухы!

Жоғарыда айтылғандай бұл қолжазбаны төте жазудан кириллицаға аударған Қанатқазы имамның берген қысқаша сипаттамасында аталмыш шығарма кейіпкері туралы: **«Әу демейтін қазақ жоқ. Әйтсе де, батырлық пен ақындық, батылдыққа Мамырхан Нұрғазыұлының осы естеліктерін оқып отырғанда көз жеткізесіз. Шағын естелік жазабадан алатын сабақ көп»,** - деп жоғары баға берген. Жалпы Мамырхан ағаның жазған күнделігі үш қойын дәптерден тұрғандығын баласы Бауыржаннан білдік. Алдыңғы екеуі жоғалған. Қазіргі біздің қолдағы күнделіктің тақырыбы: **«Өмір қатирасы»** деп аталып және ***(1955 жыл қазан айы)*** деген жазумен басталады.

Қазіргі қойын дәптерден байқағаным бұл күнделіктің аудармасы 32 беттен *(А4 компьютерде)* тұрады. Алғашқы 16-ы беті қарасөз болса, кейінгі 16-ы беті өлеңдер. 1955 жылы түрмеде отырған кезінен бастап жазған секілді. Себебі, қойын дәптердің белгі жазулары қытай иероглифімен жазылған, демек, қытай баспасынан шығарылған. Әрине, кейін жалғастырған.

Ал, мен бұдан кейін өз тарапымнан ізденіс жұмысымды жалғастырып, Мамырхан ағаның көзін көрген – Әулиеағашта тұратын Нұрасылқызы Мәрияхан *(1925 ж. туылған),* Үшарал ауылында тұратын – Бердіғұлқызы Нұрғайша *(1944 ж. туылған)* және бірге туған қарындасы Нұрғазықызы Нұркан *(1932 ж. туылған)* апалармен жолығып сұхбат алдым.

Сондай-ақ, көзі ашық көкірегі ояу ел азаматы Нұрпейісов Айдар мен ағамыздың ұлы Нұрғазиев Бауыржанның естеліктеріне және Халық жазушысы Қ.Жұмәділовтың «Соңғы көш», қазақтың арда жазушысы Ж.Ахмәди ағамыздың «Үркіншілікте» кітаптарын пайдалана отырып біраз дүниенің басын құрадым. Содан әрі осынау Нұрғазыұлы Мамырханның шағын қолжазба күнделігінің желісімен **«Осы жұрт Мамырханды біле ме екен..?»** деген айдар қойып, одан әрі жетілдіріп көркем шығармаға айналдырып жазып шықтым. Бұнда тек 16 беттік қара сөзін ғана пайдаландым, ал 16 беттік өлеңдері сол қалпында өзгеріссіз жарияланатын болады.

Бұл туындыны жазудағы негізгі мақсатым - елі мен жері үшін бастарын қауіпке тігіп, қандары мен жандарын аямаған қазақ халқының бостандығы, азаттығы үшін қару алып күрескен ержүрек оғландарын кейінгі ұрпаққа насихаттау. Қытай мен Советтік *(Кеңестік)* коммунистердің отаршыл зұлым саясатына қаймықпай қарсы тұрған батыл жүректі еліміздің ұлдарын өскелең ұрпаққа үлгі ету. Отарлық езгінің салдарынан, бодандық сұрқия саясаттың кесірінен есімдері ұмыт болған ерлерді халық жадында қайта жаңғырту.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Жаркент қаласы.

ТАРИХЫ – ТЕРЕҢ,

Жерұйығы Жетісудың оңтүстік-шығысындағы жаннат өлке – жазиралы Жаркент жерінің даңқы жарты жаһанға жария десек, жаңылыса қоймаспыз. Өңірдің бұлайша әйгілі болуының бір ұшы осынау киелі топырақта жеті ғасырдан бері жайқалып өсіп тұрған, діңінің жуандығына жеті адамның құлашы әрең жететін алып ағаштың атағына байланысты екенін еске салсақ, тағы да артық айтпағандығымыз. Жалпы, жергілікті ел-жұрт әр қилы кезеңде «Әулиеағаш», «Үлкенағаш», «Жуанағаш» атаған осынау табиғаттың мұндай таңғажайып туындысы – алып ағаш бізден басқа тек Меккеде және Қытай жерінде ғана бар екен. Күллі қазақ жеріндегі жасыл желектің анасы іспетті бұл киелі ағаштың аясынан жыл сайын егеменді еліміздің «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын көгалдандыру, көркейту істері бастау алады. Сонымен қатар бұл ерекше ағаш «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде өмірге келген «Қазақстанның киелі орындары» тізімінің қатарына ресми түрде енген. Киелі ағаш өскен саялы тоғайдың кіреберісіне QR - код орнатылған.

Сөз жоқ, ел мен жердің қадір-қасиеті осындай орасан зор ерекшеліктерімен еңселене түседі. Негізі, «Жаркент» атауы атала қалса, ең алдымен осы «Киелі ағаш» ойға орала кетеді. Қазақ тарихынан ойып тұрып орын алған атақты Орбұлақ шайқасындағы Ұлы Жеңіс санаға сап ете қалады. Қазақ бейнелеу өнерінің атасы Әбілхан Қастеев пен көзі тірісінде-ақ «Жетісудың бұлбұлы» атанған жезтаңдай әнші-сазгер Дәнеш Рақышевтың есімдері еске түседі. Сәулет өнерінің еш шегесіз тұрғызылған теңдессіз құрылысы – «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінің ғажайып ғимараты көз алдыңа келеді.

Осынау баға жетпес құндылық-тарымыздың қадіріне жетіп, құрметтей білу – біздің азаматтық борышымыз, перзенттік парызымыз деп білеміз. Сонымен қатар оларды дәріптеп, әспеттеп, насихаттау да – осы заманғы озық үрдістің үлгісіне сәйкес келетіндігі де айдай ақиқат,

Осы орайда, жаңағы бейнелеу өнері мен ән көгінде жұлдызы жоғарыдан жарқыраған жерлес абзал жандардың аттарын, тарихи маңызы аса зор қасиетті орын мен сәулет ескерткішин тектен-текке еске алып отырған жоқпыз. Ауданда алдағы уақытта оларды ұлықтау бағытында жан-жақты кешенді жұмыстарды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Ал, Киелі ағаш туралы тілге тиек етсек, алдын ала жасалған Бас жоспардың бірінші кезеңі бойынша оның айналасында абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары толық жүзеге асырылған. Ал, екінші кезеңдегі бұл орынды құжаттандыру, яғни, ресми шешім шығару, мемлекеттік акт және техникалық төлқұжат алу, сондай-ақ, топографиялық жұмыстардың барлығы да дерлік тәмәмдалып қалды. Енді үшінші кезеңде жобалық-сметалық құжат жасалмақ. Төртінші кезеңде дәмхана, кәдесыйлар сататын дүкен, қонақ үй, тағы басқа да қажетті құрылыс нысандарын салып, түбінде осы орынды туристік базаға айналдыру мақсаты алға қойылған.

Жергілікті билік өкілдерінің осынау ойлары орынды, мақсаттары мәнді екені еш дәлелдеуді қажет етпейді. Бұл орынның өзі-ақ осындай ордалы істерді орындауға сұранып-ақ тұр. Асқақтаған Арқас Алатауының баурайы, сарқыраған Бураќожыр өзенінің жағасы. Саф ауа, мөлдір су, самал жел, көкорай бел. Қол созым жерде – әйгілі «Жаркент-Арасан» және «Көктал-Арасан» шипажайлары. Балық аулап, атпен сейілдеуді ұйымдастыруға да болады.

«Жұмыстың жақсы басталуы – істің жартысының біткені» деген. Ақиқатында да, алдын ала жасалған Бас жоспардың бірінші кезеңінде бірталай шаруа жүзеге асырылыпты. Оны Киелі ағашқа арнайы барып, айналасын тамашалау барысында анық көз жеткіздік.

Бұрын бұл киелі орынға көлікпен Әулиеағаш – Еңбекші трассасынан батысқа қарай ойысып, біраз жер шаңдатып жүріп барып келетінбіз. Қазір күре жолдан кілт бұрылып, үлкен қақпа алдындағы ауқымы әжептеуір автотұраққа ат басын бір-ақ тірейсіз. Аяқ астыңыз – түгел асфальт. Мүмкіндігі шектеулі жандардың автокөліктеріне де арнайы орын белгіленген. Айтпақшы, киелі ағашқа апаратын жаяу жүргінші жолдарына да пандус жасалған. Бір сөзбен айтқанда, мұнда зиярат етіп, тамашалап келушілерге жан-жақты жағдай бар. «Ұлы сөзде ұяттық жоқ», тіпті әжетханаға дейін осы заманғы озық еуро үлгіде жасалыпты. Айнала түгелдей көкпенбек шөп. Оның әр жерінде жартылай шымға шөгіп, жартылай жер бетінен көзге шалынып жатқан әр қилы пішінді шомбал тастардың өзі-ақ өзгеше көрінісімен еріксіз көз тартады. Төңірегіне жұпар шашып, хош иісі танауды қытықтайтын, қызылды-жасылды түстері бірден жанарыңды жаулап, көңіліңді арбайтын алуан түрлі гүлдердің әсері тіптен ерекше. Жақтаулары темір шарбақпен оюланып, сәнделіп жасалған көпір астында сылдырлай аққан су толқыны да көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Қас қарайысымен самаладай болып жарқырап жанатын электр жарығы бар маңайды сүттей аппақ сәулеге малындырады.

Ең негізгі нысан – Киелі ағаштың маңы айрықша абаттандырылыпты. Алып ағашты айнала доп-дөңгелек етіп, ені екі метрге жуық соқпақ жолға тротуар жасалған. Оны жағалай аралары бірдей қашықтықта адамдар отыратын он екі орындық орнатылған. Мәнісіне тереңірек үңіліп қарасақ, бұның да өзіндік символдық сипаты бар екен: «Жыл – он екі айдың» нышаны. Әр орындықтың қарсысындағы арнайы тақтайшада қазақша *(кирилицамен де, латын қарпімен де),* орысша, жағылшынша тиісті жыл атаулары жазулы тұр. Бұл зиярат етуге келгендердің өздері туған жылына сәйкес келетін орындықта біраз дамылдап отырғанда Киелі ағаштан бір тылсым қуат *(энергия)* алатыны туралы наным-сеніміне байланысты ойластырылған.

Жалпы, мұнда келушілердің бірден назарын аударатын көрініс – тоғай іші тап-таза. Ағаштардың адам бойындай биіктіктегі діңдерінде ешқандай бұтақ жоқ. Бәрі әппақ етіп әктелген. Төбедегі жапырақтар арасынан саулай құйылған күн сәулесімен шағылысып төңірек түгелдей ақ нұрға шомылып тұрғандай. Тағы бір ғажабы: айналасындағы балғын ағаштардың барлығы алаңқайдың дәл ортасындағы алып ағашқа қарай дөңгелене басын иіп тұр. Бейне абыз ақсақалдың алдында ақыл-кеңесін тыңдап, тағзым етіп тұрған тәрізді.

Сәп салып қарап, зерделей білген жан үшін мұнда таң қаларлық таңғажайып көріністер көп-ақ. Жергілікті жұрт «Бозбала мен бойжеткен», «Ағайындылар», «Бақ ашар», «Жеті ағаш», тағы басқа да ат қойып, айдар таққан ағаштарға зер сала қарасаң, бітім-болмыстарынан бұл атаулармен дәл үйлесетініне еріксіз таңдай қағасың. Алып ағаштың, сонымен қатар, ел аузында «Көз», «Құлақ», «Мұрын» деп аталып кеткен ағаштардың да тамырларының арасынан жылтырап жатқан су көзге шалынады. Бір қызығы, әлгі су шығып жатқан ойықтардың пошымы тура атауларына сәйкес келеді. Ел оларды ем ретінде пайдаланатын да көрінеді. Осы ағаштарға және алаңқайдың бір бұрышында ерте ғасырдағы Үйсін батырына қойылған белгітасқа баратын тарам-тарам соқпақтардың барлығына түгелдей Қату тауының тақтайша тақылеттес тастары төселген.

Айналамызға тәнті бола тамашалай қарап тұрып:

– Мұншама қыруар істі қысқа мерзімде тап-түйнақтай етіп тындырған кімдер?, – деп сұрақ қойдық.

Жолбасшы болып жүрген Үлкенағаш ауылдық округінің әкімі Ермек Еркінұлы Нұрахметов те сауалымызға:

– Бірден ашығын айтайын: бұл игілікті іс тікелей аудан әкімі Талғат Әбенұлы Өмірәлиевтің нұсқауымен

ҚАСИЕТІ – ЕРЕН КИЕЛІ АҒАШ

жүзеге асырылды. Жалпы, Киелі ағаш өскен тоғайдың аумағы шамамен он гектарға жуық. Алып ағаштың төңірегі жеңіл-желпі сыпырылып қана тұрғаны болмаса, бұл ара біраз жылдан бері толық тазартылмаған күйі жатқан. Сынған ағаш бұтақтары мен бытысып өскен шеп-шалам, қурай-сурай, күл-қоқыстан аяқ алып жүру азап еді. «Тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар ғой. Осы орайда, біздің іргедегі Үлкенағаш ауылдық округінің орталығы – Әулиеағаш ауылының тұрғындары нағыз азаматтық белсенділіктерін танытты. Көптеген ауыл тұрғындары ерікті түрде тегін жұмыс істеп, тоғайды түгелдей тап-тұйнақтай етіп тазартты. Абаттандыру жұмыстарын атқаруға да жұмыла кірісті, – деп көтеріңкі леппен ықыластана жауап қатты. Ал «Аталмыш жұмысқа қанша қаржы кетті?» – деген сұраққа:

– Жалпы, бұл қасиетті орынды көркейтуге он миллион теңгеге жуық қаржы жұмсалды. Бірақ, бұған бюджет қоржынынан қара бақыр шыққан жоқ. Осындағы ауыл зейнеткерлері мен қарапайым таксишілерден тартып, аудандағы барлық қалалық, ауылдық округтер, бөлімдер мен кейбір қоғамдық ұйымдар шама-шарқынша өз үлестерін қосты. Серік Ақсубаев, Мақсат Көбелеков, Иманбек Түлкілиев, Иманбаевтар отбасы, тағы басқа да іскер жандар қомақты жәрдем жасады. «Максдорстройсервис», «Агам-Тас» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен «Медет» қонақ үй-мейрамхана кешені де көп көмек көрсетті. Сөйтіп, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, тайлы-таяғымыз қалмай еткен әрекетімізге Алла берекет беріп, көптен бері ойда жүрген бір ісіміз оңынан орындалды. Жиі-жиі болмаса да, мұнда жол-жөнекей соға кетіп, тамашалап қайтатын жолаушылар бар. Қона-түнеп жатып, зиярат ететін міскін жандар да кездеседі. Барлығын қоса есептегенде бұл киелі орынға күн сайын ондаған адамдар келеді. Солардың жүрекжарды ризалық лебіздерін естігенде бұл тірлігімізге бір марқайып қаламыз. Құт дарып, кие қонған туған топырағымызда жайқалып өсіп тұрған бұл алып ағашымыздың қастерлі қасиеті бүкіл адамзат баласын, оның ішінде, әрине, өзіміздің қазағымызды қазіргі әлемді шарпыған індеттен айығуға септігін тигізсін деп тілек тілеймізі!, – деп ризалық рәуіште жауап берді ауылдық округ басшысы.

Алып ағашты айнала аясына алған жап-жасыл тоғай – саябақтың сыртына беттедік. Әжептеуір әдемі әсер қалдырды: көз алдындағы көрінісі де, көкейінде кілкіген тылсым сыры да.

Кенет, шыға берістегі қақпаға таяй бергенде шағын арықтың жиегінде жатқан жайпақ тәрелкеге ұқсас ыдыс көзімізге шалына кетті.

– Айтпақшы, осы маңайда ұзындығы жарты құлаштай бір сұр жылан бар. Мыну

– соған сүт құйып қоятын ыдыс. Адам жоқ кезде інінен шығып, ішіп кетеді екен, – деді Ерекең. – Өзі кез келгенге көріне бермейді деседі.

– Ал, өзіңіз көре алдыңыз ба?

– Иә. Екі рет көрудің сәті түсті. Бірі – осы арада. Екінші рет тоғай ішінде. Негізі, Киелі ағаштың мұндай жұмбақ сырлары жайлы шырақшы тәтей жақсы біледі. Жүріңіз, жолыға кетейік.

Ұзақ жылдардан бері осы араға қоныс теуіп, отбасымен мекендеп отырған Рая Бидайбекова жайлы ел-жұрттан еміс-еміс еститінбіз. Алып ағаштың айналасын бұрыннан-ақ шама-шарқынша ұдайы тазалап, күтіп-баптап жүретін мейірбан жан келушілерге де бұл киелі орынның жай-жапсарын түсіндіріп, қолынан келгенше қамқорлық танытып тұратын көрінеді. Біз келгенде де самауырынын сақырлатып қайнатып, қаймақты сүт қатқан қою күрең шай ішкізді. Жеті шелпектен ауыз тигізіп, томпиған дәмді бауырсақтарымен, тәтті-тұрым, мәмпәси-пешенелерімен сыйлады. Жұртшылық «Осы киелі орынның иесі» деп жүретін жылан жайлы да, алыс-жақыннан арнайы ат терлетіп жетіп, мінәжат етушілер туралы да, дертіне дауа тілеп келіп, сақайып қайтатын ғаріп жандар хақында да аңызға бергісіз әңгімелер айтты.

* * *

Әулиеағаш туралы әңгімені осы арада түйіндесек те болар еді. Әйтсе де, қайтар жолда көлігі даңғыл жолға түскесін жұмсақ орындығына жайғаса отырып әкімнің әлденеге алабұртқан үнмен: «Нүке, жол қысқарсын, қарсы болмасаңыз бір қызықты жағдайды айта отырайын» деп айтқан әңгімесін қоса жазғанды жөн көрдім.

– Бұл Киелі ағаштың жер бетінде жасағанына жеті ғасыр болды ғой иә?... **Жеті** ғасыр!, – деп сөзін екпіндете бастаған ол кенет одан әрі дауысын бәсеңдетіп, байыпты мәнерге көшті. – Осы алып ағаштың айналасында былайғы жұрт: «Оның балалары» деп атайтын, одан тамырланып тарап өскен ағаш көп. Солардың бір тобының өсіп шығу көрінісі еріксіз көңіл аударады. Бәрі – бір түбірден көктеген. Санап кеп жіберсем, барлығы – **жеті** тал. «Е-е, жеті жүз жыл жасаған ағаштың бір тамырынан жеті ағаш тарамданып өсуінде таңсық болатын түк те жоқ шығар» деп жүргенмін. Күндердің бір күнінде осы округтегі мекемелердің тізімін қарай отырып тағы бір жағдайға амалсыз назар аударуға мәжбүр болдым. Олардың да жалпы саны – **жетеу** екен. Содан бұған да онша мән бермей жүргенімде жұмыс орнымда жайбарақат отырсам, үйдегілер телефон шала қалғаны:

– Сүйінші, келінің босанды!, – дейді қуана хабарлап. – **Жетінші** немеренің атасы болдың...

Кеудемді кернеген сан алуан шаттық сезімнен сәл-пәл сасқалақтап қалған сәтте санама тағы да «жеті» саны сақ ете түсті. «О, құдіреті күшті Құдайым! Тек жақсылыққа жетелей гөр...» дедім күбірлей жалбарынып.

Жалпы, қазақ 7-ні «киелі сан» деп, ырым етеді ғой. «Жеті шелпек», «Жеті қат аспан» деп жатады. «Жеті нота», «Әлемнің жеті кереметі», «Кемпірқосақтың жеті бояуы» деген де бар. Қасиетті санға байланысты осындай ойлар анда-санда есіме түскенімен біртебірте көмескі тартып, ұмытылып та бара жатқандай да еді. Аяқ асты ауылдық округ тарихын түгендейтін жағдай туа қалды. Басқа мәліметтерге қоса осы Үлкенағаш ауылдық округін басқарған әкімдер туралы деректерге ден қойып отырғанда оқыстан тағы да таңғажайып санға тап болдым. Тәуелсіздік жылдары бұл округті алты азамат басқарыпты. Мен **жетінші** әкім екенмін. Таң қалғаннан кресломнан қалай, қашан тұрып кеткенімді сезбей қалыппын. Бұл не? Кездейсоқ сәйкестік пе? Әлде басқалай бір байланыс бар ма? Өзім ары-бері бас қатырып, байыбына бара алмадым... Сіз қалай ойлайсыз?

Алдымен маған қарай мойнын бұрып, аңтарыла қараған ауыл әкімі аузымды ашқанша астындағы қызметтік «Ниваның» жылдамдық қосатын рычагын ырғап қалды. Сол-ақ екен, бірден ышқына қозғалған жеңіл көлік тебініп қалған тұлпардай алға ұмтылды.

«Мен не ойлайын, қалай болжайын?, – дедім іштей. – Бәрін бір Алла біледі. Негізі, ат жалын тартып, азамат атанғалы бері ұзақ жылдар бойы ата-бабаның жерінде хал-қадіріңше халыққа қызмет етіп келесің. Әр кезеңде әр алуан деңгейдегі мекеменің маманы, бас маманы, инспекторлығына қоса Жаркент қаласын басқардың. Аудандық мәслихатқа жетекшілік еттің. «Нұр Отанның» аудандық филиалының да тізгінін ұстап, бұқара халықпен біте қайнаса жұмыс істедің. Осы табанды да қажырлы қалпыңнан танбай бұл ауылдық округте де аянбай қызмет етудесің. Әдетте, «Алланың назарында, өмірдің базарында бол!» деп тілек айтып жатамыз ғой». Жаратқан Иеміздің құдіретінде шек бар ма?! Киесі бар жердегі қасиетті санның сенің өміріңдегі өзгешеліктерге сәйкес келуі де – бір жақсылықтың нышаны шығар, бауырым!».

Иә, тылсымға толы дүниенің түп-тамырын түгендеп кім тауысқан. Мұндай сәйкестік нышанын тек осылайша жақсылыққа жорып, дәтке қуат, көңілге шуақ еткеннің өзі-ақ зор ғанибет емес пе?!

Әулиеағаш ауылының тұрғыны Олжас Омарқали деген азаматтың оған арнап, әлеуметтік желіге салған:

Жүрекпен ұғып, әділдік қылып барлығын,
Арқалап жүрсің, арқаға ауыр нар жүгін.
Киелі жерге, құт қонған туған ауылға,
Басшы боп келу маңдайға жазған тағдырың.

Қарекет еткен, еңбегің аға жанады,
Ел жұртың куә, барлық істерің бағалы.
Ауылы үшін, тер төккен адал басшы деп,
«Ермек» атты есімің ел есінде қалады.

Айтайын тағы, білмегендерді таң қылып,
Ауылға деген ыстық сезімін жандырып.
Жеті ғасырлық тарихы бар мекенге,
Жетінші басшы болып келуің заңдылық.

Жырласа ақын шындықты ғана жырласын,
Өзгелер жүр ғой ойлаумен әзер құр басын.
Елінің қамын ойлаған нағыз азамат,
Мен үшін аға құрметке лайық тұлғасың!,
– деген жыр жолдары да осы ойымызды қуаттай түскендей.

Нұр ӘДІЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

(Басы 1-бетте)

ҰЛАҒАТЫ ҰЛЫҚ ҰСТАЗ

– Сол жылы егін егілетін жерді өте тыңғылықты әзірледік, бір дәнді ысырап етпей тұқымды да мұқият септік. Жаздай бидайды екі рет суардық. Сөйтіп күзде, осы жердің байырғы тұрғындарының айтуынша, бұрын-соңды болып көрмеген мол өнім алдық, – дейді Николай Головацкий кейін жазған естелігінде.

Мол астықты жинап алған соң әскери өмірден әдіскерлікті әбден үйренген басшы, еңбек адамдарының рухын, өзіне-өзінің сенімін көтеру және бұл оқиғаны ұзақ есте қалдыру үшін, аудандағы бар жүк көліктерін жинап алып, бидайын тиеп, кеңес кезеңінің дәстүрімен қызыл керуен ұйымдастырады. Жүк көліктері керуені Жаркент қаласының орталық көшесімен салтанатпен жүріп өтіп, астық қабылдау орнына барады.

Николай Головацкий бастаушы болған бұл оқиға Жаркент өңіріндегі ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің өзара еңбек бәсекелестігінің бастауы болды. Сол жылы ұжымдық шаруашылық астық тапсыру жөніндегі мемлекеттік тапсырманы алғаш рет орындады. Бұл жетістік барша ауыл тұрғындарын үлкен қуанышқа бөледі, ал, көршілес шаруашылық еңбеккерлерінің «Енді не болар екен?» деген қызығушылығын тудырды.

Жетістікке жеткен шаруашылық басшысы аудандағы әр түрлі қоғамдық ұйымдар басшыларына өтініш білдіріп, еңбекте ерекшеленген қарапайым еңбеккерлерді жыл қорытындысында марапаттауды ұйымдастырды.

Ұжымдық шаруашылық қоймасында тұқымдық және еңбеккүнге берілетін бидай қалдырылды. Келесі жылы дәнді дақыл егістігін екі есе көбейтті. Қолдағы малға азық қорын жасау да ұмытылған жоқ.

Сол тұста шаруашылыққа көршілес Кішішыған, Елтай ауылдарындағы шағын ұжымдық шаруашылықтар қосылып, егін егетін жері мен мал саны молая түскен. Шаруашылықта 3000 қой, 700 ірікара қордаланды.

Алғашқы табысқа көңілі өсіп, жігерленген еңбеккерлер күзде тағы да мол астық жинайды. Еңбекақыға бидай алған шаруалардың

дастарханына береке кірді. Алайда бұл үлкен табыстың алғашқы баспалдағы ғана болатын. Шаруашылық қорындағы қаржы әлі мардымсыз еді. Жалақыны ақшамен беруге осы қарқынмен тағы 5-6 жыл еңбек ету керек.

Сондықтан Н.Н.Головацкий бұл жағдайдан тезірек шығудың жолдарын қарастырады. Ауыл маңында көп өсетін ши мен тобылғыдан көптеп сыпырғыштар жасатты. Ол Жаркент қаласында тұрғындар мен мекеме, кәсіпорындарға қажет дүние болатын. Сонымен бірге қала тұрғындарына қат жөкелер де жасалды. Бұл шаруашылыққа біршама басы артық қаржы жинауға сеп болып, оған астық сатып алынды. Еңбеккүнге шамалап ақша да беріле бастады. Алайда бұл да уақытша қиындықтан шығудың бір ғана жолы еді.

1955 жылы республикада жүгері өсіру жөнінде бастама көтерілді. Міне, осы ауыл шаруашылығындағы жаңа үрдістің екі-үш жылдан соң Жаркент жұртшылығына келер үлкен берекенің басы, негізгі шұғылданар шаруасына айналуына Николай Никитич Головацкий басқарған ұжымшар еңбеккерлерінің толайым табыстары себепші болды десек артық емес. Ал, Николай ағамыздың бұл істі дендеп қолға алуына жергілікті халықтың бұл дақылды бұрын да өзі үшін өсіріп, мал азығына пайдаланып жүргені ой салды. Тіпті, ұжымшардың Кішішыған ауылындағы екінші бригадасының жетекшісі Байжұма Тәлімжановтың қолдағы малы үшін үш гектар жерге жүгері өсіріп, бітік өнімді жинап алуға шамасы жетпей, өзінен көмек сұрағанын да еске алды.

1955 жылы көктемде шаруашылық 300 гектар жерге жүгері өсіріп, тиянақты күтіп, баптап, күзде гектар сайын 3 тонна 700 килограммнан өнім жинап алды. Бұрын-соңды мұндай мол байлыққа кенеліп көрмеген шаруалар жүгері өсіруге шындап көңіл бөлді. Бұл бүкіл аудан үшін бетбұрыс жылы болды. Ал Николай Головацкий басқаратын «Қазанның 40 жылдығы» ұжымшары жыл сайын жүгерінің егіс көлемін арттырып, шаруашылық пен еңбеккерлерінің экономикалық жағдайы күн сайын нығая берді. 1962 жылы тұралап қалған «Сарыбел» ұжымшарының еңбеккерлері Николай Никитич басқаратын шаруашылыққа қосылуға тілек білдіріп, бұл ұжымшарға қарасты Садыр, Тұрпан, Сарыбел ауылдарының тұрғындары бірден материалдық қолдау көріп, істеріне үлкен ынтамен кірісті.

Тау етегіндегі Сарыбел ауылының Н.Н.Головацкий шаруашылығына өте қажет жақтары да бар еді. Біріншіден табыс тасқынымен мал шаруашылығы өркендеген ұжымға кең жайлау керек болды, екіншіден «Әкеңнің қасында отырғанша судың басында отыр», – деп, диқан халық айтпақшы жүгері суаратын Тышқан, Бұрхан өзендері суының көмейі де өз қолдарына өтті. Сөйтіп, екі жаққа да тиімді әрекет жасалды. Бұдан кейін Лесновка, Нағарашы, Сүптай ауылдары да білгір басшының қол астына кіріп, «Қазанның 40 жылдығы» агроқауымдастығы ауданда ең ірі, ең табысы мол шаруашылыққа айналды.

Ерінбей еңбек етсе табыс тасқыны өзінен өзі келіп босағадан енетінін шынымен дәлелдеген дала өндірісінің данагөйін адамзаттың өміріне сирек әкелетін перзентерінің бірі демеске лажың жоқ. Оның кеудесіне таққан қос жұлдызының әрқайсысының өз дәуірі бар, келбетін көркейткен сол кезеңдер оның ұлан-ғайыр еңбегінің өтеуі.

Аудандағы барлық басшылар Н.Н.Головацкийден дала өндірісін басқаруды, елмен қарым-қатынас жасауды, алдағыны болжай білуді жалықпай үйренген. Шаруашылық басқарған барлық азамат өзін оның шәкірті санайтын. Жетпісінші жылдардың орта шенінде Жаркент өңіріндегі барлық шаруашылықтар дерлік жүгеріден мол өнім жинап, соның шапағатымен мал шаруашылығын қарыштата дамытты. Бір ғана «Қазанның 40 жылдығы» ұжымдық шаруашылығының жүгері дақылының егіс көлемін кеңітудегі үрдісін саралап көрелік. Мысалы, алғашқы 1955 жылы 300 гектар алқапқа жүгері өсірсе, 1975 жылы дала аруының егіс көлемін 6045 гектарға көбейтіп, гектар өнімділігі 37 центнерден 63,3 центнерге арттырды. Бара-бара жаңа алқаптар ашу есебінен суармалы егістік көлемі тоғыз мың гектардан асып жығылды.

Николай Головацкий қандай да істің шаруашылыққа мол пайда беретін тиімді жақтарын көре білетін сұңғыла жан еді. Сол тұста жүгері өндірісі хал-ахуалын тез жақсартқан, басқа шаруашылықтар дақылдың мол өнім беретін қатардағы тауарлы сұрыптарын өсіруге ұмтылды. Алайда оның өнімінің сату құны төмен болатын. «Ол кімге қажет?» деген сауалға көпшілігі бас қатырмады, үкімет тапсырды, біз өсіреміз деген ойда болды.

Егер «Қазанның 40 жылдығы» ұжымдық шаруашылығы да жүгерінің мол өнім беретін сорттарын өсіре берсе, ескі соқпақпен кете берер еді. Мемлекетке өткізілетін астық көлемі де екі есе көп болар еді. Бұрын ауданда өсіріліп келген жүгерінің кеш пісіп жетілетін сұрыптарының мол өнім беретіні аса күй талғамайтын, өсіріп, жинап алу жеңіл. Алайда бұл тұқымдар сол кезде тек мал азығы үшін ғана өндірілді. Сондықтан олардың құны да төмен болды.

Бұл тұста Қазақстанның солтүстік облыстарында және Ресейдің Алтай өлкесінде мал саны артып, оларға ерте пісіп жетілетін жүгері тұқымдары қажеттілігі артты. Солар үшін мемлекет жүгері тұқымына тапсырыс бере бастады. Өйткені ерте пісетін жүгері тұқымы солтүстік облыстарда өсіріліп, одан сауылатын және бордақыланатын малға көк балауса, сүрлем жасалатын. Сондықтан ерте пісетін өнімге мемлекет ақшаны 3-4 есе көп төледі. Нәтижесін сараптағанда ерте пісетін жүгері тұқымын өсіріп сатудан шаруашылыққа таза пайда көбірек түсті. Яғни, мемлекетке қажет өнім өндіру шаруаға тиімді. Ендеше елімізде мал етін шетелдерге экспорттау үрдісі жүгерінің ерте пісетін тұқымына сұранысты қайта жандандыратыны анық. Бірақ дақылды ғылымға сүйене отырып дамытпай жоғары нәтижеге жету қиын.

Н.Головацкий жүгерінің ерте пісетін жаңа сорттарын будандастыру үшін ең алдымен өзінің сорт сынау алаңында тәжірибеден өткізіп барып, оның тиімділігіне көзі әбден жеткеннен кейін ғана шаруашылық өндірісіне енгізіп отырған. Бұл тиімді тәжірибені қазір де жазиралы Жаркент өңірінде жүгері тұқымын өсіретін Н. Головацкийдің шәкірті Тасқын Жапарқұлдың «Ернар» ЖШҚ қолданып, Молдовияның ғылыми зерттеу институты шығарған жүгерінің жаңа элиталық сорттарын әкеліп, алдымен оны сорт сынау учаскесінде өсіріп, жерсіндіру арқылы жаңа тұқым ретінде таратып келеді.

Николай Никитич Головацкий құрған қой бордақылайтын жастар бригадасының жарты жылда 30 мың тоқтыны бордақылап, олардың әрқайсысын орташа тірідей 60 килограмм салмақпен етке өткізгенін Қазақстан Республикасының сол кездегі бірінші басшысы Дінмұхаммед Қонаев компартия пленумындағы өз баяндамасында бүкіл республикаға үлгі етіп, ризашылықпен атап өткен болатын. Сол кезде осы шаруашылықта интенсивті түрде қой бордақылау тәжірибесі республикадан асып бүкіл одақтас елдерге таратылды. Құс өсіру де шаруашылыққа көп табыс беретінін аңғарған ол, жаңалыққа жаршы болды. Сөйтіп, 1970 жылы құс шаруашылығын жасаудың да жолын тапты. Англиядан ұшақпен 2,5 мың бір күндік «Кэри-Вельи» тұқымды еті майлы ақ үйрек балапандарын алғызып, олардың бірқатарын аналық ұябасар ретінде өсіріп, олардан көбейтілген балапандар 3-4 айлық кезінде етке өткізілгенде, әр балапан 3-3,5 килограмм сапалы ет берді. Балапан үйрек мамығы жеңіл өнеркәсіпке пайдаланылды.

Ірікара фермаларынан жиналған бір жасар өгізшелерді де интенсивті бордақылау арқылы олардың тірідей салмағын 450-500 килограмға дейін жеткізді. Бұл сала да ғылым мен озық тәжірибеден тыс қалған жоқ. АҚШ-тың Техас штатында үнді бұқасымен жергілікті сиырды шағылыстыру арқылы алынған етті Санта-Гертруда тұқымды бұқалар әкеліп, жергілікті сиырлармен шағылыстырылып, айналасы 3-4 жылда жоғары нәтижеге қол жеткізілді.

«Қазанның 40 жылдығы» ұжымдық шаруашылығының өндіріс салалары барынша өркендеген өткен ғасырдың сексенінші жылдарының орта шенінде елімізде нарық қатынастары жүз беріп, оған дейін тас бұғаудай қымталған Одақ шекарасы жан-жаққа есік ашып, халықаралық сауда-саттық белең алды. Бұл тумысынан нарыққа бейім Николай Никитич Головацкийдің қолайына жайлы келді. Бұрын да Сібірдің қарағайын Қазақстанға алып келіп саудалап, жергілікті Қату тауындағы кварц құмын Ресейдің әйнек шығаратын зауытына дайын өнімге айырбастап, нарық қатынасына бейімделе бастаған ол енді көрші ҚХР-ға өзінде бар терең бұрғылау қондырғысының қызметін ұсынып, олардан елге тауар таси бастады.

Ол ел заңынан аттамайтын, сондықтан бұрынғы ұжымдық шаруашылық жарғысын қайта қарап, шет елдермен батыл қарым-қатынас жасау үшін шаруашылықты нарық қатынасының ыңғайына сәйкестендіріп, енді оны агроқауымдастық деп өзгертті. Бұл оған шаруашылық аясында ауыл шаруашылық өндірісінен басқа бірнеше салалы өнеркәсіп орындарын ашуына жағдай жасады. Шаруашылықтың бұрынғы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін он өндірістік бригадасынан басқа құс соятын комбинат, санфаянс тұрмыстық бұйымдар жасайтын, тері илейтін, терең бұрғылау қызметін көрсететін сияқты жаңа өнеркәсіп орындарын іске қосты.

Осыншама өндіріс салаларын басқару, бухгалтерлік есеп-қисап, экономикалық талдау жасап, қайсы бағыттың қалай кетіп бара жатқанын сараптап отыру Николай Никитичке оңай бола қоймағанын аңғару қиын емес. Бұл орайда ол өзі іс басында тәрбиелеген кадрларына арқа сүйеді. Ішкі шаруашылық есепті дұрыс жүргізу мамандардан талап етілді. Еңбекақы төлеу мердігерлік тәсілмен соңғы нәтижеге байланды. Бір сөзбен айтқанда агроқауымдастық сан салалы өндіріс орындарымен кішігірім еркін экономикалық ауданға айналды деген дұрыс. Шаруашылықтың әр саласындағы жетістіктер жемісі агроқауымдастық еңбеккерлеріне береке, байлық берумен қатар, олардың әр қадамы республика, Одақ аумағында көрген жанды тамсандырған тәжірибе мектебіне айналды.

«Бір жақсының шапағаты мыңға тиеді», – дейді дана халқымыз. Осы еңбек жарысы қызып, ел табысқа, береке байлыққа кенелеген кезде жазиралы Жаркент өңірінде ерекше еңбекқор, жаны жомарт, кішіпейіл ұрпақтар қоғамы өсіп-жетілді. Сол сүйекке сіңген дәстүрді қазірге жаркенттік жандар жалғастырып келеді.

Жаркент өңірінде Николай Головацкий салғызған дейтін жаңа типті мектептер, балабақшалар, мәдениет үйлері, тұрғын үйлер мен қырмандар, кешенді мал, құс қоралары аз емес. Осының бәрі елді еңбекке жұмылдыра білудің, іс тетігін табудың нәтижесі еді. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Талдықорған облысы мемлекетке тапсыратын жалпы мал өнімдерінің 40 пайызын Жаркент өңірінің елі өндірсе, оның тең жартысы Николай Никитич Головацкий басқаратын «Қазанның 40 жылдығы» агрофирмасы еңбеккерлерінің үлесі болатын.

Панфилов ауданы жүгері өсірумен, одан мол өнім жинаумен бұрынғы одаққа аты мәлім болса, бұл жетістіктің көш басында Николай Никитич бастаған диқандар жүрді. «Дала аруын» өсірудің озық технологияларын тиімді пайдаланудың нәтижесінде шықырлаған тастақ жерлерге де бітік өнім өсіріп, бұл жылдарда Жаркент өңіріндегі жүгерінің жалпы егіс көлемі 34 мың гектарға дейін жетіп, гектар өнімділігі 100 центнерден асты. Сорттары, бұдан жүгері тұқымын өсіру жұмысы өркендеп, жаркенттіктер барлық мал өсіретін одақтас республикаларды құнарлы мал азығының тұқымымен қамтамасыз етіп отырды. Осы жетістік шарапатымен Панфилов ауданында мал шаруашылығы өркендеді.

Сол кезде аудандағы 12 шаруашылықтың кешенді мал бордақылау қораларында ең азы 25 мың тоқты жыл сайын бордақыланып, әрқайсының тірідей салмағы 60 килограмға жеткенде етке өткізілетін. Ал, Николай Головацкий басқаратын «Қазанның 40 жылдығы» агрофирмасындағы «Армандастар» атты шопан жастар бригадасында 100 мыңнан астам қой, құс фермаларында 3 миллионға жуық үйрек бордақыланды. Мұнша малды жыл сайын семіртуге қоюға Панфилов ауданының жайылымы тарлық етіп, туатын саулық саны шектетілгендіктен жаркенттіктер бұрынғы Талдықорған облысындағы көршілес Кербұлақ, Талдықорған, Гвардия, Аксу, Қапал, Алакөл, Андреевка аудандарындағы мал төлін жыл сайын сатып алып, жарты жыл семіртіп, етке өткізіп, екі, үш есе пайдаға кенелді. Бұл іске де Николай Никитич бастамашы болып еді.

Сол тұстағы «Қазанның 40 жылдығы» агроқауымдастығы еңбеккерлерінің табысы мен тұрмыс-тіршілігіне өзге жұрт қызығатын. Тіршілікте қиналған жан осы шаруашылықтан, Николай Никитичтің

қол астынан пана табуға ұмтылатын. Сондықтан болар, кейіннен әр қайсысы жеке-жеке өндірістік кооператив болып бөлінген Сарыбел, Садыр, Тұрпан, Лесновка, Нағарашы, Сүптай, Кішішыған, Еңбекші, Жаскент елді мекендерінің елі «Қазанның 40 жылдығы» агроқауымдастығының құрамында, Н.Головацкийдің қол астында жұмған жұдырықтай, өздері бір жарты аудан болып тіршілік етті. Сонда шаруашылық аумағында 18 мың адам өмір сүріп, оның 8 мыңнан астамы тікелей өндірісте жұмыс істеді. Іскер басшы мол табыс табу жолында аудан аясынан шығып, Сарыөзек стансасында үлкен өндірістік қойма салып, жүгері тұқымы мен жемін вагондарға тиеп жан-жаққа сатса, беделін ел берекесіне айналдыру үшін Ресейге қарасты Сібір ормандарын отарлап, онда арнайы құрылыс материалдарын дайындайтын автоколонна, жұмысшылары бар бригада ұйымдастырып, Қазақстанда қат құрылыс материалдарын Жетісу жеріне үздіксіз тасымалдатты.

Жарықтық, өзі тіршілігінде «Менің елім де, жерім де Қазақстан» деп жиі айтып жүреді екен. Сол риясыз аққөңіл ниетінен болар, бауыр басқан елі мен жері Николай Никитич Головацкийді өзінің төл перзентіндей ардақтап, абырой-атағын да аспандатты.

Панфилов ауданының еңбеккерлері 1966 жылы жүгері және мал өнімдерін өндіруден ерекше жоғары жетістіктерге жетіп, Бүкілодақтық жарыстың жеңімпазы атанды. Осы жетістікке ерекше үлес қосқан сол кездегі Панфилов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шаймұхамет Сәпиев, «Қазанның 40 жылдығы» ұжымшары басқармасының төрағасы Николай Головацкий, осы шаруашылықтың озат жүгерішісі Мариям Ниязова Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Еңбек дүбірі қызған сол жылдарда газет беттерінде «Жарыс бар жерде –табыс бар» деген тақырып, айдарлармен мақалалар жиі жарияланатын. Тіпті жарыс жеңімпаздары жөнінде деректі кітаптар жазылып, жүздеген мың тиражбен таратылып, кино түсіріліп жұртқа жиі көрсетілуші еді. Қарқынды еңбекті, тасқынды табысты дәріптеуде идеология пәрменді жұмыс жасады. Қарапайым еңбек адамдарының делебесін қоздыратын осы ұран аясында алапат істер атқарылып жатты. Өзі де маңдай алдында жүруге құмар Николай Никитич өзгелерге де тыным бермейтін. Қол астындағыларды да өзара жарыстырып, қатардағы еңбеккерлер мен мамандарының еңбегін нәтижесіне қарай бағалайтын. Жеңімпаздарды марапаттауға да жомарт еді. Озаттарға жаңа үй салғызып беріп, кезексіз жеңіл автокөлік әперіп, ақшалай, заттай сыйлықтармен жарылқап жүретін. Кеудесіне орден, медаль таққан азаматтары да аз емес. Дода дүбірде оза шыққан қарапайым сушы, жүгеріші Мариям Ниязова, Әлімжан Бақтаев пен Әбілмәжін Қасымбеков те Еңбек Ері атанып, кеуделеріне Алтын жұлдыз тақты. Сөйтіп, бір шаруашылықта басшы бастап, төрт батыр Алтын жұлдыз тағып жарқырап еді.

Осы орайда халық аузында жүрген күлкілі бір оқиға есіме түсіп отыр. Бірде Николай Никитич егістіктерді аралап, жер бетіне жаңадан өніп шыққан «дала аруының» өскіндерін суарудың жайын тексеріп жүріп, алқаптағы сушының жүгерінің бір жүйегіне су жіберіп, екіншісін аттатып су салғанын көріп қалады. Шалағай сушыдан «Мұның не?» деп сұраса, анау «Николай Никитич, су салынбаған жүйектің жүгерісі жан – жағынан ылғал тартады» деп шімірікпей, өзінше тапқырлық танытқан сыңайлы.

Бұл жағдайды естен шығармаған басшы күзде егін жиналып біткен соң, жылда жасалатын сабан той үстінде мейрамханада басқалармен тең «сілтеп» отырған әлгі сушының жанына барып, оның алдындағы арақ құйылған стақандағыны екі жанында отырғандарға бөліп құйып береді. Өзіне сұраулы жүзбен қарағандарға «Бұл жан – жағынан ылғал тартады» деген екен.

– Талдықорғанға жиналысқа барып, келе жатқанда Нұрмолда Алдабергенов ескерткішіне арнайы бұрылып тоқтап, тасын алақанымен аялай сипап, «бұл адам менің ұстазым, жетекшім, менің осындай жоғары деңгейге көтерілуіме үлес қосқан қамқоршым, мен оны ешқашан ұмытпаймын» дегеніне бірнеше рет куә болдым, – деп еске алушы еді, 1981-1987 жылдар аралығында «Қазанның 40 жылдығы» ұжымшарының партия ұйымының хатшысы болып жұмыс істеген, марқұм Кеңес Әкімбеков ақсақал. – Николай Никитич басқаратын шаруашылықта ең ұзақ партком хатшысы болып қызмет істеген мен екенмін, маған кейде, көңілді кезінде «Сен менің 19 комисарымсың» деп иығымнан қағатын. Тумысынан сұңғыла жан өнерді де қатты қадірлеуші еді. Алпысыншы жылдардың басында қытайдан Дәнеш Рақышев деген әнші келіпті деген хабарды естісімен оны тауып, шаруашылықта өнер отауын құруды ұсынды. Осында өнерлі жастарға жетекшілік жасап жүргенде Дәнеш ағамыз өзінің сүйікті жары Рахила жеңгемізге жолығып, танысып үйленді. Кейін де Дәкеңді қолдап, сырттай болса да қорғап жүрді.

Н.Головацкийдің атақ-даңқына, іскерлігіне өзіміз куә болған сонау өткен ғасырдың 70-80 жылдарында «Қазанның 40 жылдығы» ұжымшарының әр ауылында жеке-дара көркемөнерпаздары жұмыс жасап, өнер жарыстарында бірінен-бірі оза шығып жататын. Шаруашылықтың орталығы Жаскенттегі зәулім мәдениет сарайында «Гүлдәурен» ансамблі өмірге келіп, ол кейіннен концерт көрсете Мәскеуге, одақтас республикалар қалаларына сан мәрте барды. Осы ансамблдің мүшелері Нұржау Қожаев, Сәуле Ақмәдиева, Ардақ Жиенбаева, Тұрсынғазы Исабеков Бүкіл одақтық фестивальдың лауреаттары атанды. Олар концертпен Индия, Монғолия, Румыния сияқты шет мемлекеттерге де барып қайтты. Елімізде алғаш халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, тіл мәртебесін көтеру үрдісі бастау алғанда, аудандық «Қазақ тілі» қоғамына осы «Қазанның 40 жылдығы» агроқауымдастығының сол кездегі партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған атпал азамат, марқұм Нәби Сарпеков сайланды. Бұл қоғамның өңірдегі жұмысының жандануына қолдау көрсетіп, ауданда алғашқылардың бірі болып Николай Никитич шаруашылық есебінен қомақты қаржы аударды.

Н.Головацкийдің қолдауымен шаруашылықта іс- қағаздарын қазақ тіліне көшіруге қарекет жасалды. Ауылдардағы көше атауларын да елге таныс өз азаматтарымыздың есімдерімен атауға мүмкіндік туды. Айталық, шаруашылық орталығы Жаскентте 1945 жылы Берлинде Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев, 1643 жылғы Орбұлақ шайқасының батыры Елтінді, қалмақ-қазақ соғысында ерлік көрсеткен Бағай, Сатай, Аралбай, Бөлек батырлар есімдерімен аталатын көшелер бар.

– Бұл кісі асқан интернационалист еді, – деп еске алады шаруашылықтың бас экономисі болып, онымен ұзақ жыл еңбектес болған Бақытжан Жұмағұлов. – Шаруашылықтың бас мамандары әр ұлттың өкілдері болдық. Айталық бірінші орынбасары Марат Хайбуллин татар, тағы бір орынбасары Қуандық Бозымбеков қазақ, бас инженері Гилис Зихфрит неміс, бас бухгалтері Ахмет Хамраев ұйғыр, бас зоотехник Александр Кожемякин белорус, бас агроном Тен Ин Гер кәріс, барлығы 17 ұлттың өкілі жұмыс істеді. Ол адамның іскерлігіне баса назар аударатын, 1985 жылы Николай Никитич екінші мәрте Еңбек Ері атағын алғанда, шаруашылығы мемлекетке 75 мың тонна жүгері, 16500 тонна ет өткізді. Сөйтіп, біз, Одақ көлемінде тағы да жарыс жеңімпазы атандық.

Ауылды түлету қарапайым адамның еншісінде деп жиі айтамыз. Алайда оған да ерекше қабілет-қарым, елге, еңбекке деген сүйіспеншілік пен іскерлік мінез қажет екенін ескере бермейміз. Осындай алғышарттарды бір бойына жинақтап, бар саналы ғұмырын еңбек еткен ортасының игілігіне қызмет жасауға жұмсаған Николай қарттың даңқты қарекеттерін оның көзін көрген ауылдастары, білетін барша жұрт үлкен ілтипатпен әрдайым еске алып отырады. Мүлде басқа жақтағы Украинада дүниеге келіп, Қазақстан деген алып мемлекеттің оңтүстік шығыс шекарасындағы жазиралы Жаркент өңірінен мәңгілік тұрақ тапқан поляк баласы Николай Головацкий тіршілігінде жоқтан бар жасайтын іскерлігімен соңына өшпес жарқын із қалдырды. Оның тіршіліктегі тындырған жұмыс нәтижелерінің бірі – Жаркент қаласының солтүстігіндегі жергілікті халық Шатырақ деп атайтын алқаптағы қып-қызыл тастаққа салынған Жастар қалашығы.

Бұл ауылдың іргесі 1974 жылы қаланыпты. Бас жоспары ерекше үлгіде жасалған жаңа ауылдың бір бөлігі әкімшілік, әлеуметтік, мәдени нысандардан тұрса, оған қарама-қарсы екінші бөлігі сәнді тұрғын үйлер. Түп-түзу бой түзеген екі көшеде тұрғызылған әр қайсысы қос қабатты, екі пәтерлі 43 коттедж үйге шаруашылықта үлгілі еңбек етіп жүрген жас шопан, механизатор, жүргізушілер мен жүгеріші-сушылар, мектеп мұғалімдері мен медицина қызметкерлері, мамандар қоныстандырылды. Осы ісімен даланың данагөйі шаруашылықтың болашағына үлкен сеніммен қарағаны және жастарды ауыл шаруашылық өндірісіне көптеп тартуға ынталандыру шараларын жасағаны байқалады.

Ен далада жаңа пайда болған ауылды көріктендіру, көгалдандыру жұмыстары бірден қолға алынып, көшелер асфальттандырылып, жүргіншілерге арналған қауіпсіз соқпақтар жасалды. Көшелер мен үй аулаларына қарағаш, қайың, тағы басқа сәнді, саялы ағаштар мен жеміс-жидек көшеттері шаруашылық есебінен алынып, тұрғындарға таратылды. Тұрғын үйлермен қатар төрт қабатты шаруашылық кеңсесі, 40 орынды екі қабатты қонақүй, 300 орынды мейрамхана, 1200 орынды мектеп, 450 орынды мәдениет үйі, 3 қабатты жүгері тұқымын зерттейтін институт ғимараты, әр қайсысы 49 пәтерлі, 5 қабатты 2 тұрғын үй, автоматтандырылған жылу қазандығы, бассейн, құрылыс тресі, автобаза тұрағы, 2 қабатты балабақша халықтың еңбекке деген көзқарасын қалыптастырып, сенімдерін нығайтты. Бұдан басқа жеке тұрғын үйлерден тұратын үш көше жасалып, иесіз жатқан тақыр далада айналасы 2-3 жылда жаңға жайлы, әсем елді мекен орнықты. Сөйтіп, шаруашылық орталығы Жаркент қаласынан осы Жастар қалашығына көшірілді, қазір бұл ауыл Н. Головацкий есімімен аталады.

Ауыл шарушылығының шебер ұйымдастырушысы Н.Головацкий басқаратын «Қазанның 40 жылдығы» агрофирмасының шаруашылығы шалқып, берекесі тасыған сол тұста жасыл желекке оранған осы Жастар қалашығына кімдер келмеді. Мәскеуден, одақтас республикалар астаналарынан күн сайын дерлік журналистер мен жазушылар, тәжірибе алмасу үшін мамандар, мемлекет басшылары, шет елдік қонақтар келіп, таңдай қағып, тамсанып қайтатын. Сонан соң бәрі Николай Никитичтің іскерлігін, жұртына береке сыйлаған беделін, жан-жаққа жамырай тарататын. Өтпелі кезең өткеліне дейін оншақты елді мекеннің басын біріктіріп тұрған сол «Қазанның 40 жылдығы» агрофирмасы да тарады.

Икемсіздік пен иесіздік меңдесе сарқылмайтын байлық, бітпейтін береке болмайды екен. Мыңғырған төрт түлік пен былайғы мүлік құмға сіңген судай құрдымға кете барды. Баяғы жарты ауданды алып жатқан шалқыған үлкен шаруашылықтан ескерткіш ретінде Жастар қалашығы ғана қалыпты. Нарықтың өтпелі кезеңінде халық жұмыссыздық тауқыметін тартты, бірақ ауылдан ұзамай, үміт отын үрледі.

Николай Головацкий екінші мәрте Еңбек Ері атанғанда Одақ, Республика басшылары тарапынан қалыптасқан дәстүрге сәйкес оның ескерткішин туған жері Житомир қаласына орнату тұралы ұсыныс болған көрінеді. Бірақ, барлық саналы ғұмырын Қазақстанда, жазиралы Жаркент өңірінде өткізген ауыл шаруашылығының ардагері «Менің Отаным да, туған елім де Қазақстан, ескерткіш қойсаңдар Жаркентке, өзім іргетасынан тұрғызған Жастар қалашығына орнатыңдар», – деп ағынан жарылып, арман-тілегін білдіріпті.

Сәнді саябақ ішіне орнатылған сол қола мүсінмен бірге ауыл көшесіне төселген әр тас, биіктеп бой түзеген әр ағаш, барша үй, ғимараттар қазір даңқты шаруашылық басшысын еріксіз еске салады. Николай Никитичтің 2002 жылы 90 жылдық тойының қарсаңында осындағы орта мектепке және Жастар қалашығына Н.Головацкий есімі берілді.

Асыл жанның көзі, қолтаңбасы іспетті осы Головацкий ауылын тоздырмай сақтап қалуды ауыл тұрғындары емес, бүкіл Панфилов ауданының халқы ойлап, өз үлестерін қосқаны белгілі. Кезінде оны әскери округ госпиталіне беруге де ұсыныс жасалыпты. Жұлқынып келген іскер азаматтар да табылған. Шаруашылық, ел басқарудан тәжірибесі мол тұлғалар да қолға алды. Бірақ олардың ешқайсысына сол тұстағы нарық жағдайы, уақыт үрдісі икемделуге жол берген жоқ. Жаркент қалалық округінің бір шағын елді мекені болып саналатын бұл ауылды жеке ауылдық округ жасау жөніндегі ел тілегі 2004 жылдың маусым айында жүзеге асып, іргелес Сүптай ауылымен біріктіріліп, Головацкий ауылы жаңа құрылған Жаскент ауылдық округінің орталығы ретінде ел сенімін сетінетпей, бір қуантты.

Жаскент ауылдық округі құрылған сәттен бастап Головацкий, Сүптай ауылдары тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық мәселелері ретімен шешіле бастады. Округ құрылған жылдың өзінде-ақ Головацкий ауылындағы тоза бастаған мәдениет сарайын күрделі жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен 37 миллион теңге қаржы бөлініп, құрылысшылардың тындырымды жұмысының нәтижесінде ерекше сәулет үлгісімен салынған ғимарат қалпына келтірілді. Облыстық бюджеттен 2006 жылы тағы да 34 миллион теңге беріліп, жаңадан құдық қазылып, ауыл халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында құбырлар жаңартылды. Жаңа ауылдық округтің алғашқы әкімі Мұрат Сейсенбеков бойындағы білімі мен тәжірибесін округ тұрғындарының тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына, өндіріс орындарының жандануына жұмсап, дамыл таппай жұмыс жасады.

Жаскент ауылдық округі құрылған 2004 жылы адам саны 2350 болса, қазір тұрғындар саны үш мыңнан асты. Ауыл тұрғындары санының күрт өсуіне округтің алғашқы әкімінің себепші болғаны ақиқат. Мәселен, 2005 жылы мемлекеттік «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы» АҚ құрылып, қоныстанар орын іздегенде, оларға ауыл әкімі жөндеуден өткізілген мәдениет үйінің бос тұрған бір жақ қанатындағы бөлмелерді ұсынды. Өздеріне қажет қонақүй, тұрғынүй, офис болар жайларды осы ауылдан тапқан бұл орталық көп ұзамай жекеменшіктің қолына өтіп, қараусыз қалған екі қабатты қонақүйді, үш қабатты жүгері зерттеу институты болған ғимаратты және 49 пәтерлі, 5 қабатты үйдегі иелері тұрақтамай тастап кеткен 26 пәтерді сатып алып, күрделі жөндеуден өткізіп, ауылды ажарландырды. Акционерлік қоғам өз күшімен көп қабатты үйлер жанынан қатты отынмен жанатын қазандық салып, жылу жүйелерін қайта жөндеуден өткізді. Бұл орталықтан оншақты ауыл тұрғыны тұрақты жұмыс орынын тапты. «Елге ел қосылса құт болады» демекші, мемлекеттік ірі индустриялдық жобамен жұмыс жүргізіп отырған орталық әкімшілігі өздері жайлы орын тапқан ауылға инвесторлар тартып, Головацкий кентінің көптеген көшелерін асфальттап, көп қабатты тұрғын үйлер ауласына балалар ойнайтын алаң жасап елді мекеннің көрікіне көрік қосты. Олардың ең үлкен сыйы саябақ ішіне зәулім «Тәуелсіздік тұғыры» монументін тұрғызғаны.

Сол сияқты темір-бетон бұйымдарын жасайтын зауыт қожайындары да осы Головацкий ауылындағы өнеркәсіпті дамыту үшін тұрғындарды тұрақты еңбек орынымен қамтамасыз етуде. Бұдан басқа ауылдағы бос тұрған орындарға экономика колледжі, спорт мектебі қоныстанып, енді жеке ғимараттар салуға әрекеттенуде.

Головацкий ауылы тұрғындарының негізгі кәсібі бұрынғыдай ауыл шаруашылығымен байланысты. Ауыл шаруашылық өндірісінің майталмандары жыл сайын округте 450 гектар жерге жүгері, 26 гектарға бидай, 43 гектарға майлы дақыл, 10 гектарға көкөніс, 280 гектар алқапқа көп жылдық шөп өсіріп келеді. Ауыл тұрғындарының меншігінде 3100 қой, 620 ірікара, 200 жылқы, 3130 құс бар. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін 126 жеке шаруа қожалығы құрылған. Біраз жылғы тоқыраудан кейін Жаскент ауылдық округінің тұрғындары қайтадан өркендеу, өсу жолына түскендей. Бір сөзбен айтқанда, жеке отау құрған Жаскент ауылдық округі халқының тіршілігі күн санап жақсарып келеді.

Бір кезде Николай Головацкий өзі қоныстандырған жас отбасылары бүгінде бұтақ жайған бәйтеректей ұрпағы өсіп әулет болып, іргеленіп дәулет құрап, өркенді елге айналды. Қазір де Ш.Әкімбеков, Ж.Бектуров, Ж.Мұстапаев, Қ.Бозымбеков, Ә.Сәдуақасов А.Жиенбаева, М.Карашолақов, К.Әбдіманапова, Ш.Бекташев, К.Алтыбасарова, Е.Сайранбеков, С.Ұшбаев, Б.Жұмағұлов, М.Қастеев сияқты кісілердің есімдері ауылдың байырғы тұрғындары ретінде ерекше құрметпен аталады. Олардың бәрі дерлік тұрмыс қысқан кезде тоз-тоз болып жанға жайлы жер іздеп кетпей, хал-қадірімен ауылын сақтап қалды. Еліміз қайта өрлеу жолына түскен сәтте, Головацкий ауылының еңбеккер тұрғындары да тұрмысын түзеп, тәуелсіз елдің кемел келешегіне өзіндік үлестерін қосуда.

Мырзағали НҰРСЕЙІТОВ,
Панфилов ауданының
«Құрметті азаматы».

Жаркенттіктер ...деген екен

БАЛА ҚОЖБАМБЕТТІҢ БАТЫЛДЫҒЫ

Тоғыз жасында Қожбамбетті төрт шешесінің бірі төркініне – Дулат еліне ала барады. Бір шаруамен келген Жантай атты қырғыз манабы сол үйде түстеніп отырыпты. Табалдырыққа таяу келіп тізе бүккен жиен бала пошымы бөлекшелеу оған әлсін-әлсін қарай беріпті. Төрде шіреніп отырған манап та бұнысын байқап:

– Әнеу біреу қай бала, маған жалтаң-жалтаң қарай берді ғой өзі, – деп қалыпты. Сонда Қожбамбет:

– Егер мен төрде ет жеп, сен босағада отырсаң сенің де көзің жалтаңдап, жәутеңдеп тұрар еді, – дейді. Баладан мұндай өткір сөзді күтпей сасып қалған Жантай:

– Ой, қызталақ, үлкен адамға қарсы сөйлеуін қарашы өзінің, ұртын тілетін екен, – депті. Сонда бұл одан әрі батылданып:

– «Ұртын тілетін» дейді... асатқан етің аузыма сыймай отыр ма еді? – деген екен.

ЕЛДІК НАМЫСТА ЕСЕ ЖІБЕРМЕГЕН

Орыс пен қытай шекара сызығын белгілеген кезде Суан елі екіге жарылып, екі бетте қалып қояды. Осы жай Қожбамбетке маза бермей, көңілі алаң боп жүргенде атақты бай Маман Тұрысбектің ауылында үш жүздің басын қосқан бір жиын өтеді. Соған барғанда бәсекелес билер атамызды көрісімен әй-шай жоқ:

– О, Қожеке ел аман ба? – дейді. Олардың нені ишаралап тұрғанын түсіне қойған би атамыз:

– Аман ғой, жай-жапсар сұрастырғандарың осымен тәмам ғой, – деп алдын алуға тырысады. Сонда да бұның шерлі көңіліне жара салып, тұқыртып алғысы келген әлгілер:

– Аманың аман ғой, алайда еліңнің жартысынан айырылғаның жаман ғой, – депті. Сонда Қожекең дауысын қатқылдап шығарып:

– Менің елім сендерге ел емес пе, ұрпағына үш жүздің тең емес пе, Іле, Балқаш, Алакөл, Марқа, Сайрам – барлығымыз су ішкен көл емес пе?! Сөз төркіні кесек-ті, қатын айтар өсекті, мирас етіп ерлікті, көрсетіңдер елдікті, – деп тыйып тастапты.

ЖӨН СҰРАСУ

Бірде Қарашолақ би Дөнен биге жолығып қалып:

Ассалаумағалейкүм, Дөнен,
Көктемдегі көбең,
Екі шекесі шодырайған,
Екі құлағы едірейген,
Қайдан келген неме ең, – деп қағытыпты.

Сонда Дөнен би:

Уағалейкүмассалам, Қарашолақ,
Ақылы аз адамсың, ойға олақ,
Жылқының тұғырындай,
Сиырдың мұжығындай,
Қайдан келген немесің,
Доп-домалақ? – деп сәлемін «қабыл алыпты».

ҚАРҒА БИДІҢ «СЫБАҒАСЫ»

Қазақ пен қырғыз арасындағы жер дауы жиынына келген Қарға деген би Дөненге қарап: «Дөнен, сені осымен екі-үш сиязда көрдім, сол кезде дөнен едің, бесті ат шығар кезің бар ма?» – деп сөзбен тұқыртпақ болыпты. Оның не дерін алдын ала шамалап отырған Дөнен би үй толы ығай-сығайларға жағалай баппен қарап шығып:

Мырза Ноғайдан шығады,
Шошқа тоғайдан шығады.

Көрнекі сурет. Интернеттен алынды.

Біздің елдің қарғасы боқ жейді,
Мына Қарға не дейді? – депті бөгелместен. Сонда қапелімде сөйлерге сөз таппай, оңбай тосылған Қарға би орнынан үн-түнсіз ұшып тұрып, етегін қағып-қағып жіберіп, үйден шыға жөнеліпті. Салт бойынша шекпеннің етегін не шалғайын қағу «әттеген-ай» деп жеңілгендігін мойындау болып табылады екен.

«ШАУ ҚАРҒАНЫ» ШОШЫТУ

Құлжа өңірінде өткен бір тойда Қызай елінің аты шығып жүрген бір ділмары «Суанның атақты сөз қуары Дөнен би келді» дегенді естіп келіп, сөзбен қағытыпты. Көп ішінде жүрген бұл да құлағы түрік жан емес пе, әлгінің әкесінің аты Торғай екенін біледі екен. Табан астында:

Әкең – Торғай болғанда, шешең – шымшық,
Ал өзің – шау қарғасың қызыл тұмсық.
Би-болысы біз жақтың жасқағанда,
Қашушы еді торғайлар артын қысып, – деп сен емес, сенің әкеңдейлердің өзі бізбен сөз қағыстыруға жарамаған дегенді емеурінмен білдіріпті.

БАТАСЫМЕН-АҚ БҰҚТЫРЫПТЫ

Бір жылдары Шежін тауының бөктерін жайлап отырған Дөнен би ауылының бәйгеге қосып жүрген таңдамалы үш-төрт атын ұры алады. Туыстары кеу-кеулеп қуғыншы шығарып, артынан қумақшы болғанда би тоқтау салып, сабыр сақтатыпты. Араға төрт-бес күн салып, жанына жолсеріктерін, атқосшысын алып жолға шығады. Барымташылардың таудың арғы бетін жайлап отырған Жалайыр тайпасынан екенін сезіп, екі-үш күн түстене, қона жүріп, жайлауда отырған бір ауылдың сөз төркінін түсінетін адамының үйіне ат басын тірейді. «Құдайы қонақпыз» деп келген адамдардың тегін кісілер емес екендігін білген үй иесі өрістен мал алдырып бата сұрайды. Сонда Дөнен би қолын жайып:

«Менің жоқтап келгенім,
Екі баран, екі боз.

Менен бата сұрасаң,
Азамат болып топтан оз!
Білгеніңді айтпасаң
Қырғи қуған шілдей тоз!» – деп батасын аяқтай бергенде, үй иесі орнынан ұшып тұрып:

– Жоғыңызды түгендеп, алдыңызға салып береміз. Мынадан басқа малға бата жасаңыз. Мына қойға бата қата тиді, – деп босатып жібертіп басқа мал алдыртады. Қайыра бата сұратып, қадірлеп күткен екен. Таңертең жолға шығар кезінде қараса, жоғалған жылқылары матастырылып байлаулы тұрыпты. Әріректегі мама ағашқа «Ат-шапан айыбы» деп тағы бір жылқыны байлап қойыпты. Содан Дөнен би ризалығын білдіріп, оң батасын беріп кеткен екен.

ҰЛЫҚТАРДЫҢ СИПАТТАЛУЫ

Ырыскелді тұрмысы нашар болғандықтан Құлжа қаласында делдал болып жұмыс істеп жүреді. Сондағы ақалақшы (болыс), зәңгі (жүз басы), тағы басқа атқа мінерлер от ауызды, орақ тілді, аяқ астынан тауып сөйлейтін Ырысекеңнің әңгімелерін бір естіп кету үшін оның жұпыны шаңырағына келіп қонақ болады екен. Бір күн ақалақшы Бұтарбай, облыстық сақшының бастығы Қожаназар, облыстық банкінің бастығы Нұрғали есік алдына келіп:

– Ырысекең бар ма екен?, – деп дауыстайды. Сол кезде Ырыскелді үйден іш киіммен жүгіріп шығыпты. Қонақтар сәл ыңғайсызданып:

– Ойбай-ау, жеңіл шыққаныңыз қалай?, – деп таңданады. Сонда Ырысекең саспастан:

– Ақалақшы шақырғанда тыржалаңаш атып шықпағаныма шүкір десеңдерші, – депті де келгендерді көз қиығымен шалып өтіп бәрін тани тұра әдейі: – Япырай, беті шабдолдың сүйегіндей, мына бұжыр бетің кім?, – деп Бұтарбайды, күйегі алынбаған қошқардай артынып-тартынған мынауың кім?, – деп Қожаназарды, Кеңестен келген орыстай мына көккөзің кім?, – деп Нұрғалиды көрсетіп қонақтардың бет пішінін дәл бейнелеп берген екен.

КӨККӨЗ ӨТЕДІ

Ел Кеңес өкіметіне көшуге бет алып жатқан кез. Туған жерге деген сағыныштан мүмкіндігі болса әркім бұрын өткісі келіп талас туады.

Сонда Ырысекең:

– Сендер босқа таласпаңдар, бәріңнен бұрын түрі орысқа ұқсайтын көккөз Нұрғали өтуі керек, – дәл тығырыққа тірелген елді күлдірген екен.

МЕН СОРАЙЫП ТҰРАТЫН...

Жора-жолдастары:

– Ырысеке, көптен көрінбей кеттіңіз ғой, – дейді кездескенде. Сонда Ырысекең:

– Е, мен сорайып күнде көрініп тұратын Мұсабайдың зауытының мұржасы ма едім, – деген екен. *(Бұл сөзі кейін ел ішіне тарап, әркім әртүрлі айтатын болып жүр).*

САҚАЛ-МҰРТТЫҢ «ҚАДІРІ»

Ширек ғасырдан астам уақыттан кейін туған жеріне оралған Ырыскелді ел-жұртымен қауышып, біраз уақыт өткізеді. Бір күні сақал-мұртын қырып тастап кәриялардың қасына келіп отырады. Мұны көрген шалдар шошып кетіп:

– Ойбай, Ырыскелді! Саған бірнәрсе көрінген бе, сақал-мұртың қайда?, – дейді. Сонда Ырысекең:

– Отыз жылдан кейін сағынып елге келгелі біраз уақыт болды. Туған-туыс, жора-жолдастың ешқайсысы ең болмаса ешкі сойып ерулікке шақырған жоқ. Құрығанда ерулікке шақыртуға жарамаған, ешкінің сақалындай да қадірі жоқ бұ немені қайтем дедім де қырып тастадым, – деген екен.

Ақсақалдар өздерінің кінәсін түсініп, төмен қарап мырс-мырс күліпті.

ТОҢБАЙТЫН БАС

Аязды күні бір топ ақсақал әңгіме-дүкен құрып есік алдында отырады. Тұстарынан бір жігіт жалаңбас өте береді.

– Ей, мына жігіттің басы мұздамай ма екен?, – депті қарияның біреуі.

Сонда Ырысекең:

– Оның басының ішінде ештеңе жоқ болса, несі мұздайды деп отырсың?, – деген екен.

ҚИЫС КЕТКЕН БАТА, КҮЙЕУГЕ ҚАШҚАН ҚЫЗ

Бірде «Жетісудың бұлбұлы» атанған Дәнеш Рақышев ағамыз өзі басқаратын өнерпаздар тобымен Ынталы, Соцжол ауылдарына қарай гастрольге кетіп бара жатып, жолай Қоңырөлеңге тоқтайды. Ырыскелді шешеннің үйіне бас сұғып, бүкіл ел ардақтайтын ақсақалға арнайы салам береді. Қатты разы болған қария, оларға қошамет көрсетіп, дастархан жайдырады. Әңгіме арасында әртістердің ішінде бойдақ жігіттер мен тұрмыс құрмаған қыздар бар екенін байқаған Ырысекең ас қайырып бата бергенде:

– Үйленбегендерің үй болып, тұрмысқа шықпағандарың күйеулі болыңдар, – деп бетін сипайды.

Ертесі. Концерт қойып, көрермендердің көңілін көтерген көңілді топ кешегі үйдің тұсынан өте бергенде жол бойында өздеріне көз салып тұрған қарияны байқап қалады. Дереу автобусты тоқтатып, тағы да жапырлай амандасады. Сонан соң енді жүре бергенде ол кісі:

– Әй, тоқтаңдаршы... Түгелсіңдер ме?, – деп сұрайды әлденеге алаңдағандай.

– Иә, ата. Бәріміз бармыз, – дейді бұлар шу етіп. Іле-шала:

– Не болып қалды? – дейді абдырап.

– Е-е, ендеше, кешегі сендерге берген батам қиыс кетіп, өз қызыма тиіпті, – дейді ақсақал мырс етіп.

Сөйтсе, қарияның бір қызы бұларға бата берген түні күтпеген жерден күйеуге қашып кеткен екен.

Әңгімелерді әдеби өңдеп құрастырған
Нұрәділ БЕГІМБЕТ

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №4085